

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 2019-пCoV коронавируc инфекциясы таралуының алдын алуға және оны болғызбауға бағытталған шараларын іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарлар тізбесіне өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 53 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 43 және 45-баптарына, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 16 -тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 21 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 2019-пCoV коронавируc инфекциясы таралуының алдын алуға және оны болғызбауға бағытталған шараларын іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарлар тізбесіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) ЕАЭО СЭҚ ТН "2526 20 000 0-ден" коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

	"Дәрілік және дезинфекциялық құралдар өндіру үшін қолданылатын тауарлар"
2809 20 000 0-ден	Ортофосфор қышқылы
2847 00 000 0-ден	Сутегінің асқын тотығы 100 %
2902 19 000 0-ден	D-лимонен
2905 39 200 0	Бутан-1,3-диол
2905 39 250 0	Бутан-1,4-диол
2909 43 000 0 9-дан	Бутилдигликоль
2912 19 000 0 0-ден	Протектол ГА 50 (глутар альдегиді), Протектол ГЛ 40 (глиоксаль)
2917 34 000 0-ден	Диэтилфталат
2918 19 980 0-ден	Гликоль қышқылы
3302 90 900 0-ден	Лимон хош иістендіргіші 336 (цитраль, D-лимонен, линалол және дипропиленгликольдегі гераниоль коспасы)
3402 19 000 0-ден	Rokamina K30 (кокамидопропилбетаин)
3906 90 900 7-ден	Карбомер (жоғары молекулалы полиакрилат)

3911 90 990 0-ден	Космоцил (полигексаметиленбигуанид гидрохлориді)
3912 31 000 0-ден	Примезола (қроскармеллоз натрий тұзы)
3912 39 850 0-ден	Ветмосoll E481FQ (этилгидроксидэтилцеллюлоза)";

б) ЕАЭО СЭҚ ТН "3917-ден" коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"3920 43 100 9-дан Винихлорид полимерінен жасалған пленка\*";

в) ЕАЭО СЭҚ ТН "3926 90 970 9-дан" коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициямен толықтырылсын:

"4016 99 970 8 Резеңке муфта\*";

г) ЕАЭО СЭҚ ТН "6307 90-нан" коды бар позициядан кейін мынадай мазмұндағы позициялармен толықтырылсын:

"6505 00 900 0-ден Тоқылмаған материалдардан жасалған бір реттік телпек, бір реттік капюшон\*

6506 10 100 0-ден Полипропиленнен жасалған бір реттік телпек, бір реттік капюшон\*";

д) "\*" белгісі бар мынадай мазмұндағы сілтемемен толықтырылсын:

"\* Тарифтік жеңілдікті қолдану Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 53 шешімі күшіне енген күннен бастап жүзеге асырылады."

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

#### **Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:**

<b>Армения</b>	<b>Беларусь</b>		<b>Қырғыз</b>	<b>Ресей</b>
Республикасына	Республикасына	Қазақстан Республикасынан	Республикасына	Федерациясынан
н	н		н	
М. Григорян	И. Петрипенко	Ә. Смайылов	Э. Асрандиев	А. Оверчук